

Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің м.а. 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 622 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 28 қазанда № 9839 тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілі тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 169-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың:

1) "Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы № 340 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4947 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінде 2007 жылғы 2 қарашада № 168(1197) жарияланған);

2) "Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы № 340 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 19 тамыздағы № 361 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6867 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінде 2011 жылғы 7 мамырда № 150-151 (26571-26572)) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамсыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

полиция генерал-майоры

Е.Тургумбаев

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2014 жылғы 19 қыркүйектегі

№ 622 бұйрығымен

бекітілген

Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидалары

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған (бұдан әрі - шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар) адамдарды бақылау және оларға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар тұрғылықты жеріне келген соң ол ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне қойылып және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оған бақылау ісі ашылып, тіркеуге жатады.

Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адам жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған жағдайда, пробациялық бақылау он жыл мерзімге белгіленеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Соттың адамды жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы қаулысы бақылау ісін ашуға негіз болып табылады.

4. Ішкі істер органдары:

1) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар таңдап алған тұрғылықты жеріне келуі бойынша бақылау істерін ашады және профилактикалық есепке қояды;

2) тұрғылықты жері бойынша профилактикалық жұмысты жүзеге асырады;

3) "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген тәртіпте және негіздер бойынша жедел-ізвестіру іс-шаралар өткізеді;

4) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам туралы ақпарат алу мақсатында қылмыстық-атқару жүйесінің органдары және мекемелерімен өзара іс-қимыл жасасады.

5. Қайта қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жоя отырып, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның сотталуы, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған жазасының өтелмеген мерзімінің аяқталуы, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшінің жойылуы, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның өлімі бақылау ісін жүргізуді тоқтатуға негіз болып табылады.

6. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдармен профилактикалық жұмыстың жүзеге асырылуын бақылау қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесін жетекшілік ететін ішкі істер органы бастығының орынбасарына не қалалық (аудандық) ішкі істер органының (бұдан әрі - ҚАПО) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі басшысына жүктеледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. ҚАПО-ның бастығы қылмыстық-атқару жүйесінің бөліністерінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты хабарлама алған соң қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның тұрғылықты жеріне келуін бақылауды жүзеге асыруды тапсырады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар тұрақты тұрғылықты жеріне келгеннен кейін ҚАПО-ның бастығы:

1) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына:

профилактикалық есепке алуды және адамға арналған ақпараттық-іздеу картасын (бұдан әрі – Адам-АІК) ақпараттық-аналитикалық орталықтың (бұдан әрі – ААО) аумақтық бөліністеріне, сондай-ақ ақпаратты кезекші бөлімге, арнайы мекемеге және полицияның кешенді күштеріне жіберуді;

қылмыстық-атқару жүйесі бөліністеріне хабарлауды;

шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның қасақана қылмыс жасауының әрбір фактісі бойынша анықталған кемшіліктерді жою және ішкі істер органдарының профилактикалық жұмысының тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдай отырып, қызметтік тексеріс жүргізуді;

2) ҚАПО криминалдық полиция бөлінісіне шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды жедел есепке алуды;

3) ҚАПО-ның криминалдық полициясына, кезекші бөлімдеріне, арнайы мекемелеріне және полицияның кешенді күштеріне шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың тарапынан құқық бұзушылық және сотпен оларға жүктелген міндеттерді орындаудан жалтару фактілері туралы ҚАПО-ның қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесіне ақпарат ұсынуды тапсырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. УПИ шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адаммен әңгіме жүргізеді, тұрғылықты жері бойынша тіркеу ережесін сақтау туралы ескертеді және оның уақтылығын бақылайды, бас бостандығын айыру орындарынан жіберілген А-АІК-дағы көрсетілген деректердің шынайылығын тексереді.

11. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Бақылау ісі жазаның өтелмеген барлық мерзімі бойы жүргізіледі.

13. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар жазаның өтелмеген мерзімі аяқталғаннан кейін "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының әрекетіне түсетін адамдар санатына ауыстырылады және соттылығы өтелген немесе алынғанға дейін есепте тұрады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты, осы Қағиданың 15-тармағында көрсетілген қылмыстары үшін жазасын өтеген адамдарды қоспағанда, жазаның өтелмеген мерзімі аяқталғаннан кейін бақылау ісін жүргізу тоқтатылады.

15. Бақылау ісіне бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаны туралы анықтаманың, сот үкімдерінің (олар болмаған жағдайда учаскелік инспектор қылмыстық-атқару мекемесіне сұрау салады), шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы қаулының көшірмелері, соттылығын тексеру талабы және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға "Есептегі элемент" Біріктірілген деректер банкі есебінің басып шығарылған электрондық карточкасы, өмірбаяны, соттылығы туралы толыққанды түсініктемесі және осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша байланыстарының сызбасы тігіледі.

16. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның облыстан (республикадан) тыс жаңа тұрғылықты жерге көшкен, қайта қылмыс жасағаны үшін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы күшін жойған, жазаның өтелмеген бөлігінің мерзімі өткен және ол қайтыс болған жағдайда үш жұмыс күні ішінде АДБ-ға қажетті түзету енгізу үшін ААО-ға хабарлама жолданады.

2-тарау. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды бақылауды жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар тұрғылықты жеріне келгеннен кейін УПИ үш жұмыс күні ішінде ҚАПО бастығына (оның міндетін атқаратын адамға) Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 169-бабына сәйкес оларға сот жүктеген міндеттер бойынша шектеулер белгілеу туралы осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаулы енгізеді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Тұрғылықты жерін тастап кетпеуге тыйым салуға қатысты Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 169-бабы 8-тармағының 3) тармақшасында көзделген міндеттер бойынша белгіленген шектеулерді ҚАПО бастығы (оның міндетін атқаратын адам) жұмыс, оқу режиміне байланысты өзгерте алады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Есепке қойғаннан кейін УПИ шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға, ол үшін оған әкімшілік жаза салынған бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылық

жасау немесе Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 169-бабында көзделген міндеттерді орындаудан қасақана жалтарған жағдайдағы салдар түсіндіріледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға шектеулер белгілеу туралы қаулы бақылау ісі материалдарына тігіледі. Қаулының көшірмесі шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға түпнұсқасына қол қою арқылы тапсырылады.

21. Тұрғылықты жері бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам дәлелсіз себептер бойынша 5 жұмыс күні ішінде тұрғылықты жеріне келмеген не болмаған және міндеттерін орындаудан қасақана жалтару фактілері анықталған жағдайда, УПИ бұл туралы ҚАПО бастығына (оның міндетін атқаратын адамға) баянатпен баяндайды және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жүрген жері және келмеу себептерін анықтау бойынша алғашқы іс-шараларды жүргізеді.

Тұратын жері анықталмаған жағдайда, сотқа оған іздестіру жариялау туралы не бұлтартпау шараларын таңдау туралы ұсыным енгізеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасаған және міндеттерді орындаудан қасақана жалтарған кезде ҚАПО бастығы (оның міндетін атқаратын адам) материалдарды және бақылау ісін қоса отырып, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және жазаның қалған өтелмеген бөлігін орындау мүмкіндігі туралы осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес дәлелді ұсынымды сотқа жолдайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды бақылау олардың тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады. Егер шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам дәлелді себептер бойынша аталған мекенжайда тұра алмаса, ҚАПО бастығы (оның міндетін атқаратын адам) оның өтінішіне сәйкес оған ҚАПО қызмет көрсететін аумақтың шегіндегі басқа жерде уақытша тұруға рұқсат береді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың сот жүктеген міндеттерін орындауын толыққанды бақылау мақсатында ішкі істер органдарының қызметкерлері:

1) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның мінез-құлқы туралы жұмыс орны және тұрғылықты жері бойынша азаматтардан және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың әкімшіліктерінен мәліметтер сұрауға және алуға;

2) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды әңгімелесуге ішкі істер органына шақыруға, қажет болған жағдайда мұндай әңгімелерді туыстарының келісімі бойынша оларды қатыстыра отырып өткізуге;

3) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардан сот жүктеген міндеттердің орындалуына байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түрде түсініктерді талап етуге құқылы.

25. УПИ шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адаммен тұрғылықты жері бойынша сот белгілеген міндеттерді орындаудан жалтару және оның құқық бұзушылық жасау оқиғаларына жол бермеуі жөнінде ескерту жұмысын жүргізеді.

26. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның тұрғын үйіне әрбір келу нәтижелері бойынша учаскелік полиция инспекторы немесе оны тексеретін полиция қызметкері бақылау парағына осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті белгі қояды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

27. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың ішкі істер органдарына келу міндеті бақылау жасау, сондай-ақ профилактикалық сипатта әңгіме жүргізу мақсатында қолданылады. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның келу сағаттары, оның жұмысы мен оқуына әсер етпейтіндей есеппен белгіленеді.

28. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның ішкі істер органына келуін тіркеу ҚАПО қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінде не учаскелік полиция пункттерінде жүзеге асырылады, бұл туралы арнайы бақылау парағына осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгі қойылады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. УПИ сот белгілеген міндеттерді бұзудың әрбір фактісі бойынша осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянат толтырады және ҚАПО бастығына (оның міндетін атқаратын адамға) баяндайды.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Ішкі істер органының немесе соттың шақыртуы бойынша келмеген жағдайда шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды мәжбүрлеп алып келу жүзеге асырылады.

31. Қызмет көрсету аумағында тұрмайтын шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған жағдайда онда осы адамға бақылау жүзеге асыратылатын тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы көшірмесімен хабарлама жіберіледі.

32. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның тұрғылықты жерінен ауданнан (қаладан, облыстан) тысқары уақытша шығуы туралы мәселелерді шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жазбаша арызының және шығу себебін, профилактикалық есепте тұрған кезеңдегі мінез-құлқын сипаттайтын деректер көрсетілген учаскелік инспектордың баянаты негізінде ҚАПО бастығы (оның міндетін атқаратын адам) қарайды. Қабылданған шешім туралы арызға тиісті жазба жазылады, ол ПО-ның кіріс хат-хабарламасында тіркеледі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға басқа жерге уақытша кетуге және онда бір тәуліктен артық болуға рұқсат берілген жағдайда қолхат арқылы бағыттық парақ осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес беріледі, онда басқа елді мекенге шығуға рұқсат берілген күні, бару мақсаты мен болу мерзімі, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның ішкі істер органында тіркелуі, шақыру бойынша белгіленген уақытта ішкі істер органына келуі, тұрғылықты жері бойынша оны қадағалауды жүзеге асыратын учаскелік полиция инспекторына өзінің оралғаны туралы хабарлау міндеттері көрсетіледі. УПИ шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның кеткені туралы ол келуге тиіс аумаққа қызмет көрсететін ішкі істер органына осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша түрде хабарлайды.

34. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам басқа ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа келісімен, қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің қызметкері немесе УПИ оның бағыттық парағына тиісті белгілер қойып, оларды ішкі істер органының мөрімен (мөртаңбасымен) куәландырады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. УПИ шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның уақытша тұру мерзімі ішінде оның мінез-құлқы мен өмір сүру салтын қадағалауды жүзеге асырады, әңгімелесу үшін оның келу күндерін белгілейді, болу мерзімі аяқталғанда бағыттық парағына оның уақытша тұру жеріндегі мінез-құлқы туралы жазба енгізеді.

36. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам тұрғылықты жеріне оралған кезде бақылауды жүзеге асырушы УПИ бағыттық парақтағы жазбалармен танысады, оған аталған адамның келгені туралы белгі қояды және бағыттық паракты бақылау ісіне тіркейді.

37. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам басқа елді мекенге тұрақты тұруға кеткен жағдайда:

1) бақылауды жүзеге асырушы ішкі істер органы шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның тұратын аумақтағы ішкі істер органына осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат жолдайды;

2) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жаңа тұрғылықты мекенжайы бойынша үш жұмыс күні ішінде тексереді және ақпарат жіберген органға хабарлайды;

3) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның таңдап алған тұрғылықты жері бойынша келгені туралы расталған қатынас хатты алған соң, оның бақылау ісін және криминалдық полициядағы бар ақпараттарды әрі қарай бақылауы үшін жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына жолдайды;

4) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға тұрғылықты жеріне кеткен кезде осы Қағидаға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау парағы беріледі, онда кеткен күні, жаңа тұрғылықты жерінің мекенжайы және жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына тіркелуге келу мерзімі көрсетіледі.

3-тарау. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдану тәртібі

Ескерту. Қағида 3-тараумен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 25.04.2017 № 288 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

38. Тиісті профилактикалық бақылауды қамтамасыз ету және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның орналасқан жері туралы ақпарат алу үшін ПО Қылмыстық-атқару кодексінің 169-бабы 1-тармағына сәйкес электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы.

39. ҚАПО бастығы (оның міндетін атқаратын адам) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға белгіленген шектеулерге сәйкес, оның жеке басын сипаттайтын мәліметтер негізінде, сондай-ақ тиісті құрал-жабдықты орнатудың техникалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды есепке алу кезінде оған электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты электрондық бақылау құралдарын пайдалану туралы қаулымен ресімделеді, ол шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға және онымен бірге тұратын адамдарға жарияланады, бұл ретте құрал-жабдықты бұзғаны үшін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жауапкершілігі түсіндіріледі. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты ПО қызметкері қаулы шығарған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті құрал-жабдық орнатуды жүзеге асырады, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға электрондық бақылау құралдарын пайдаланудың ерекшеліктерін түсіндіреді, осы Қағидаға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның электрондық бақылау құралдарын пайдалану бойынша жадынама алғаны туралы қол қойғызу арқылы оларды пайдалану жадынамасын береді.

41. Электрондық бақылау құралдарының құрылғысын сот белгілеген шектеулерді сақтауға профилактикалық бақылауды жүзеге асыру мақсатында ПО тікелей шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға оның тұрғылықты немесе болу орны бойынша орнатады.

42. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты ПО қызметкері:

1) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға белгіленген шектеулерді сақтауы туралы мониторингілеу пультінің деректерін пайдалана отырып, ақпарат жинауды жүзеге асырады;

2) электрондық бақылау құралдарын бұзу, рұқсатсыз шешу, сот белгіленген шектеулерді бұзу фактілері туралы ақпарат алған кезде қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына не оны алмастыратын адамға баяндатпен баяндайды және осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардағы электрондық бақылау құралдары арқылы анықталған бұзушылықтарды есепке алу журналына тиісті белгілер жүргізеді.

ҚАПО бастығына (оның міндетін атқаратын адам) электрондық бақылау құралдарының жұмысындағы барлық тіркелген жұмыс істемей қалуы және істен шығуы фактілерін дереу баянатпен баяндайды, осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдағы электрондық бақылау құралдарының бұзылуын есепке алу журналында көрсетеді.

3) электрондық бақылау құралдарының жұмысында істен шығу болған жағдайда, оның себебін анықтау және оларды жою бойынша шаралар қабылдайды.

Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

43. Сот белгілеген шектеулер өзгерген кезде не техникалық себептер бойынша электрондық бақылау құралдарын қолдану мүмкін болмаған жағдайда ҚАПО бастығы (оның міндетін атқаратын адам) осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты электрондық бақылау құралдарын пайдаланудан бас тарту (ауыстыру) туралы тиісті дәлелденген қаулыны қабылдай отырып, электрондық бақылау құралдарын пайдалануды тоқтатады не оларды пайдалану тәртібін және қолданатын техникалық құралдар жиынтығын өзгертеді. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты ПО қызметкері қаулыны шығарған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті құралды алып тастауды (ауыстыруды) жүзеге асырады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Егер шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам бұзу фактісін теріске шығарған жағдайда учаскелік полиция инспекторы электрондық бақылау құралдары көмегімен алынған жол берілген бұзушылық фактісі туралы мәліметтерді зерделеу арқылы тексеру жүргізеді.

45. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам электрондық бақылау құралын бұзған (бүлдірген) жағдайда учаскелік полиция инспекторы осы Қағидаға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акті жасайды.

Жазасын өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатылған
адамдардың мінез-құлқын
бақылауды жүзеге асыру
қағидасына 1-қосымша

Нысан

№ _____ бақылау ісі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғанның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

тұрғылықты мекенжайы

Бақылауды _____

ҚАПБ(Б)-ның атауы

учаскелік полиция инспекторы _____

учаскелік полиция инспекторының атағы,

_____ жүзеге асырады

тегі және аты-жөні

Басталған күні:

20__ жылғы "___" "___" _____

Жазаның өтелмеген бөлігі мерзімінің аяқталу күні:

20__ жылғы "___" "___" _____

Әкімшілік қадағалау туралы Заңның қолданысына түсетін адамдар санатына өткізу күні

20__ жылғы "___" "___" _____

Бақылау ісін жүргізудің аяқталған күні:

20__ жылғы "___" "___" _____

Іс 20__ жылғы "___" "___" _____ дейін мұрағатта сақталсын.

(есепке алу-қадағалау ісі мұқабасының ішкі жағына жазылады)

Бақылау ісіне тігілетін құжаттардың тізбесі

1. Іске тігілген құжаттардың тізімдемесі.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы анықтаманың көшірмесі.

3. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы сот қаулысының көшірмесі.

4. Өмірбаяны.

5. Соттылығы туралы түсініктер.

6. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның байланыстар сызбасы.

7. Есепке алынған адамды ҚСЖАЕК-нің деректері бойынша арнайы тексерудің талабы (іс жүргізілген кезде, содан кейін ҚСЖАЕК деректеріндегі ақпарат өзгерген жағдайда ғана арнайы тексерудің көшірмесі міндетті түрде тігіледі. Ақпарат өзгермеген жағдайда, қосымша көшірмелер тігілмейді.).

8. Соңғы соттылығы бойынша аудандық (қалалық, облыстық) сот үкімінің көшірмесі (үкімнен үзінді көшірме).

9. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғанға міндеттерді белгілеу туралы сотқа жолданған хабарламаның көшірмесі.

10. Міндеттерді белгілеу туралы соттың қаулысы.

11. Әкімшілік құқық бұзушылық және сот жүктеген міндеттерді бұзу туралы хаттамалардың көшірмелері.

12. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды әкімшілік құқық бұзушылық жасаған және жүктелген міндеттерді орындаудан жалтарған жағдайда әкімшілік жауапқа тарту туралы ҚАПБ(Б) және соттың қаулылары (оның ішінде әкімшілік айыппұлдарды төлеу туралы түбіртек көшірмелері).

13. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға сот белгілеген міндеттердің сақталуын бақылау парағы.

14. Бағыттық және бақылау парақтарының түбіршектері, бағыттық және бақылау парақтары.

Жазасын өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатылған
адамдардың мінез-құлқын
бақылауды жүзеге асыру қағидасына
2-қосымша

Тапсырма

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жазасын өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатылған
адамдардың мінез-құлқын
бақылауды жүзеге асыру қағидасына
3-қосымша

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарға бақылау ісін тіркеу журналы

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жазасын өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатылған
адамдардың мінез-құлқын
бақылауды жүзеге асыру қағидасына
4-қосымша

Нысан



Әр бөлімде тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты мекенжайы, жұмыс орны, лақап аттары, сотты болғандығы көрсетіледі (сызбаға барлық достары, таныстары мен туыстары енгізіледі).

Сызбаны жасаған:

_____ лауазымы, атағы тегі және аты-жөні

20__жылғы "___" _____

Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидасына 5-қосымша

Нысан

Бекітемін

_____ бастығы

ҚАІБ-нің атауы

_____ атағы, Т.А.Ә. қолы

20__жылғы "___" _____

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты шектеулерді белгілеу туралы қаулы

_____ учаскелік полиция

(ҚАПО-ның атауы)

инспекторы _____

(Т.А.Ә., атағы)

_____ (соттың толық атауы)

20__ жылғы " __ " _____ сот қаулысын қарап, оған сәйкес _____

_____ жазасын өтеуден

(шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның Т.А.Ә.)

шартты түрде мерзімінен бұрын босатылды және оған мынадай міндеттер жүктелді:

1. _____
2. _____
3. _____

Ескертпе: Егер сот қаулысында тек Қазақстан Республикасы

ҚАК-нің 169-бабына сілтеме жасалған жағдайда "ҚАК-нің 169-бабында көзделген..... міндеттер жүктелді".

20__ " __ " _____ сот қаулысы күшіне енгеннен соң шартты

түрде мерзімінен бұрын босатылған _____

_____ мына мекенжай бойынша

тұруға келді және мен оны профилактикалық есепке қойдым.

Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 169-бабына сәйкес тиісті

бақылауды қамтамасыз ету мақсатында шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғанға сот жүктеген міндеттер бойынша шектеу белгілеу қажет.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 169-бабын басшылыққа ала отырып,

Қаулы етті:

_____ қатысты мынадай

тегі, аты-жөні

міндеттер белгіленсін:

1. _____
2. _____
3. _____

Ескертпе: Шектеулер тізбесі шартты түрде мерзімінен бұрын

босатылған адамға Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 169-бабына сәйкес сот жүктеген міндеттермен қатаң сәйкестікте белгіленеді.

_____ учаскелік полиция инспекторы

_____ атағы, Т.А.Ә.

20__ жылғы " __ " _____

Жазасын өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатылған
адамдардың мінез-құлқын
бақылауды жүзеге асыру қағидасына
6-қосымша

Нысан

_____ сотының төрағасы

Ұсыныс

20 ____ жылғы " ____ " _____ бастап Қазақстан Республикасы ҚК
" ____ " бабы бойынша " ____ " жылға сотталған, бас бостандығынан айыру
орындарынан жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған
адамның " ____ " жазасын өтемеген мерзімі 200 ____ жылғы " ____ " жылдан
бастап _____ мекенжайында тұратын _____ жылы туған
азамат(ша) _____

_____ профилактикалық есепте тұратынын хабарлаймын.

ҚАПО атауы

Азамат (ша) _____ жазасын өтеуден мерзімінен
бұрын-шартты түрде босатылғаннан кейін ішкі істер органдарының
ескертуіне қарамастан, түзелу жолына түспеді, құқыққа қарсы өмір
сүруді жалғастыруда және (сот белгілеген міндеттерді) құқық
бұзушылықтарға жол беруде.

_____ (белгіленген міндеттерді бұзу) әкімшілік құқық бұзушылық
жасаған немесе жүктелген міндеттемелерді бұзу және олар

_____ бойынша есептегі адамға қатысты қабылданған әкімшілік
ықпал ету шаралары көрсетіледі)

_____ Алайда, қабылданған шараларға қарамастан, азамат (ша) тағы да
құқық бұзушылық жасады (сот белгілеген міндеттерді орындаудан
жалтарды)

_____ (жол берілген құқық бұзушылық немесе белгіленген
міндеттерді орындамауы көрсетіледі.)

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып және Қазақстан Республикасы ҚАК
169-бабы, және Қазақстан Республикасы ҚК 72-бабының "1" тармағын
басшылыққа ала отырып, Сізден азамат (ша) _____ тегі,
аты, әкесінің аты.

жазадан мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды алып тастау мәселесін

шешуіңізді сұраймын

бастығы

ҚАПО атауы,

атағы, тегі, аты, әкесінің аты, қолы

20__жылғы " __ " _____

Жазасын өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатылған
адамдардың мінез-құлқын
бақылауды жүзеге асыру
қағидасына 7-қосымша

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты белгіленген міндеттердің сақталуын бақылау парағы

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тегі _____ Аты _____						
Әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____						
Туған күні және туған жері _____						
Тұрғылықты мекенжайы _____						
Қадағалау мерзімі _____ бастап _____ дейін						
№ р\с	Бақылау түрі (тексеру/тіркеу)	Қызметкер лауазымы, атағы, тегі (тексеруді/тіркеуді жүзеге асыратын)	Күні және уақыты тексеру / тіркеу (дерекқорлыр бойынша, тұрғылықты жері, жұмыс, оқу орны бойынша)	Тексеру нәтижелері (үйінде болды, болған жоқ, бұзушылықта р анықталды)	Есептегі адамның қолы	Белгіленген міндеттерді бұзғаны үшін мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға қолданылған шаралар
	Тексеру					
	Тіркеу					

Жазасын өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатылған
адамдардың мінез-құлқын
бақылауды жүзеге асыру қағидасына
8-қосымша

Тіркеу парағы

Ескерту. 8-қосымша алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жазасын өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатылған
адамдардың мінез-құлқын
бақылауды жүзеге асыру қағидасына
9-қосымша

Нысан

ҚАПО толық атауы

бастығы _____

Баянат

20__ жылғы "___" _____ Қазақстан Республикасы ҚК _____
бабына сәйкес _____ жылға сотталған, бас бостандығынан айыру
орындарынан жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босап
шыққан _____ мекенжайында тұратын _____ жылы туған
азамат(ша) _____

тегі, аты, әкесінің аты

ішкі істер органдарының ескертуіне қарамастан, құқыққа қарсы өмір
сүруін жалғастыруда және сот белгілеген міндеттемелерді, құқық
бұзушылыққа жол беруде. Әкімшілік жауапкершілікке тартылды,
міндеттерді орындаудан жалтарды

(жол берілген әкімшілік құқық бұзушылық, белгіленген міндеттерді бұзу

және олар бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға
қатысты қабылданған әкімшілік ықпал ету шаралары көрсетіледі)

Алайда, қабылданған шараларға қарамастан, азамат (ша) тағы да
құқық бұзушылық жасады _____

(жол берілген құқық бұзушылық

немесе міндеттерді орындаудан жалтару көрсетіледі.)

Баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 169-бабын
басшылыққа ала отырып, Сізден азамат (ша) _____

тегі, аты, әкесінің аты

қатысты құжаттарды жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын
босатуды алып тастау мәселесін шешу үшін аудандық, қалалық сотқа
жолдау мәселесін шешуіңізді сұраймын.

ҚАПО-ның атауы, учаскелік полиция

инспектордың атағы, тегі, аты, әкесінің аты, қолы

20__ " __ " _____

Жазасын өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатылған
адамдардың мінез-құлқын
бақылауды жүзеге асыру қағидасына
10-қосымша

Нысан

Бағыт парағының түбіршегі

Азамат(ша) _____

тегі, аты, әкесінің аты

_____ елді мекеннің атауы

_____ күн мерзімге

шығуға рұқсат берілді.

Рұқсат берілген күні _____

Болу уақыты _____ бастап _____
дейін белгіленген.

Азамат(ша) _____

тегі және аты-жөні

елді мекенге келгеннен кейін жергілікті ішкі істер
органында тіркелуге міндетті екендігі ескертілді.

Ескертумен таныстым

20__ жылғы " __ " _____

_____ қолы

БАҒЫТ ПАРАҒЫ

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған күні мен туған жері _____

Тұрғылықты мекен жайы _____

Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде

босатылған күні _____ Жазаның

өтелмеген мерзімі _____ бастап _____
_____ дейін

Бақылауды жүзеге асыратын ішкі істер бөлімінің
атауы _____

Бақылаудағы адамның баратын елді мекеннің атауы

_____ Сапардың мақсаты _____

Осы елді мекенде болу мерзімі

_____ бастап _____ дейін белгіленген. _____

_____ ҚАПО-ның атауы _____

бастығы

атағы,

_____ қолы, тегі, аты-жөні

Бағыт парағының сыртқы жағы

20__ жылғы " __ " _____

_____ келді.

_____ елді мекеннің атауы

_____ кезекшісі

_____ ҚАПО-ның атауы

М.О. _____

атағы, қолы, тегі, аты-жөні

Уақытша тұратын жеріндегі учаскелік полиция
инспекторына келгені туралы белгі.

1. 20__ жылғы " __ " _____

_____ ҚАПО қызметкерінің қолы

2. 20__ жылғы " __ " _____

_____ ҚАПО қызметкерінің қолы

_____ кетті.

елді мекеннің атауы

_____ кезекшісі

М.О.

_____ атағы, қолы, тегі, аты-жөні

20__ жылғы "___" _____ тұрғылықты жеріне келді.

_____ учаскелік полиция инспекторы

ҚАПО-ның атауы _____

атағы, қолы, тегі, аты-жөні

Жазасын өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатылған
адамдардың мінез-құлқын
бақылауды жүзеге асыру қағидасына
11-қосымша

Нысан

Ішкі істер органының _____

мөртаңбасы ҚАПО-ның атауы

_____ бастығына

Хабарлама

_____ 20__ жылғы "___" _____

(ішкі істер органының атауы)

туған, _____ мекенжайы бойынша тұратын

тұрғылықты мекенжайы

шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған азамат (ша)

_____ тегі, аты, әкесінің аты

20__ жылғы "___" _____

сапардың мақсаты

_____ тәулік мерзімге

елді мекеннің атауы

шығуға рұқсат етілгенін хабарлаймын. Ол жерде _____

мекенжайы бойынша _____ бастап _____ дейін тұрады.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты уақытша тұратын жері бойынша
азамат (ша) _____

тегі, аты-жөні

мінез-құлқы мен өмір сүру салтын бақылауды ұйымдастыруды, оның

тарапынан болған құқық бұзушылықтар туралы _____

ішкі істер бөліміне хабарлауды сұраймын.

_____ бастығы

ҚАПО атауы,

атағы, қолы, тегі және аты-жөні

20__ жылғы " __ " _____

Жазасын өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатылған
адамдардың мінез-құлқын
бақылауды жүзеге асыру қағидасына
12-қосымша

Нысан

Ішкі істер органының _____

мөртаңбасы ҚАПО-ның атауы

_____ бастығына

**шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның
мекенжайын ауыстыру туралы
АҚПАРАТ**

Профилактикалық есепте тұратын, бас бостандығын айыру
орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған азамат(ша)

_____ тегі, аты, әкесінің аты

_____ тұрғылықты
мекенжайын өзгерту және _____ мекенжайы

бойынша шығу ниетінде екенін хабарлаймын.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты уақытша тұратын жері бойынша
азамат (ша) _____

тегі, аты-жөні

жаңа тұрғылықты жеріне уақтылы келуін бақылауды ұйымдастыруды
сұраймын.

Бақылау ісі азамат (ша) _____

тегі, аты-жөні

жаңа тұрғылықты жеріне келгені туралы растау қағаз алғаннан кейін
жіберіледі.

_____ бастығы
ҚАПО атауы

Атағы

_____ қолы, тегі, аты-жөні

20 ____ жылғы " ____ " _____

Жазасын өтеуден шартты түрде
мерзімінен бұрын босатылған
адамдардың мінез-құлқын
бақылауды жүзеге асыру қағидасына
13-қосымша

Нысан

Бақылау парағының түбіршегі _____	БАҚЫЛАУ ПАРАҒЫ
_____	Тегі _____ Аты _____
елді мекеннің атауы _____	Әкесінің аты _____
_____ шығатын азамат(ша) _____	Туған күнімен туған жері _____
_____	Тұрғылықты мекенжайы _____
_____	Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған күні _____
тегі, аты, әкесінің аты _____	Жазаның өтелмеген мерзімінің аяқталған күні _____
Шығу күні _____	_____
Азамат(ша) _____	Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның таңдап алған елді мекенге шығу күні _____
тегі және аты-жөні _____	_____
елді мекенге келгеннен кейін жергілікті ішкі істер органына тіркелуге міндетті екендігі ескертілді.	Тіркелуге келген күні _____
Ескертумен таныстым _____	_____ бастығы
20 ____ жылғы " ____ " _____	ҚАПО атауы, _____
_____	_____
колы _____	атағы, _____

	тегі, аты-жөні, қолы _____

Жазасын өтеуден шартты
түрде мерзімінен бұрын
босатылған адамдардың мінез
құлқын бақылауды жүзеге асыру
қағидасына 14-қосымша
Нысан

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы қаулы

Ескерту. Қағида 14-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 25.04.2017 № 288 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

Мен, _____

_____ (ПО атауы, бастықты алмастыратын адам)

_____ бастығы _____

_____ (лауазымы, тегі, аты-жөні)

20 ____ жылғы " ____ " _____

(сот атауы)

жазалау мерзімінің өтелмеген бөлігіне _____

_____ -

(шарты түрде мерзімінен бұрын босау мерзімі)

шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған _____

материалдарын қарап,

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

Анықтадым:

(электрондық бақылау құралдарын орнатудың қажеттілігін дәлелдейтін

себептер мен шарттар көрсетіледі)

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің

169-бабы 1-тармағын басшылыққа ала отырып,

Қаулы еттім:

_____ электрондық бақылау құралдары

(электрондық бақылау құралдарының атауы)

шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған _____ қатысты қолданылсын.

(тегі, аты-жөні)

Тұрғылықты жері бойынша электрондық бақылау құралдарын орнату (күні) мерзімі

_____ (_____)

(электрондық бақылау құралдарын орнату күнімен таныстыру туралы оператордың қолы)

_____ (орган атауы)

Бастығы

(атағы)

(қолы)

(тегі, аты-жөні)

20__ жылғы "___" _____

М.О.

Қаулымен таныстым: _____

(қолы) _____ (аты-жөні, тегі)

20__ жылғы "____" "____"

Мен, _____, электрондық бақылау құралын (тегі, аты-жөні)

жоғалтқан не зақым келтірген, жойған кезде және осыған байланысты ерікті түрде келтірілген

залалды өтеуден бас тарту жағдайда осы мәселе белгіленген заң тәртібінде шешілетіні туралы

таныстым. _____

(шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның қолы)

Жазасын өтеуден шартты
түрде мерзімінен бұрын
босатылған адамдардың мінез
құлқын бақылауды жүзеге асыру
қағидасына 15-қосымша

Нысан

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның электрондық бақылау құралдарын пайдалану жөніндегі жадынаманы алуы туралы қолхаты

Ескерту. Қағида 15-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 25.04.2017 № 288 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған _____

_____ (тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

_____ мерзімге

_____ электрондық бақылау құралы орнатылды

(құралдың түрі көрсетіледі)

аталған құралды пайдалану тәртібі түсіндірілді _____

_____ (іс-әрекет ету аумағы, қуат беру затын ауыстыру мерзімі, басқа да сипаттамасы)

Таныстырған:

_____ (органның атауы)

Бастығы _____

(атағы, Т.А.Ә) (қолы)

20__ жылғы "___" _____

Жадынаманы алған: _____

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

20__ жылғы "___" _____

Жазасын өтеуден шартты
түрде мерзімінен бұрын
босатылған адамдардың мінез
кұлкын бақылауды жүзеге асыру
қағидасына 16-қосымша
Нысан

(ПО атауы)

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдағы электрондық бақылау құралдары арқылы анықталған заң бұзушылықтарды есепке алу журналы

Ескерту. Қағида 16-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 25.04.2017 № 288 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы "___" _____ басталды

20__ жылғы "___" _____ аяқталды

(журналдың ішкі жағы)

№ п/п	Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның Т.А.Ә (бар болса)	З а ң бұзушылық жасаған күні, уақыты, жасаған орны	Жол берілген з а ң бұзушылықты ң қысқаша мазмұны	Тексеріс жүргізу үшін материалдард ы алған күні, қызметкердің тегі, қолы	Қабылданған шешім	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Жазасын өтеуден шартты
түрде мерзімінен бұрын
босатылған адамдардың мінез
кұлкын бақылауды жүзеге асыру
қағидасына 17-қосымша
Нысан

(ПО атауы)

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдағы электрондық бақылау құралдарының бұзылуын есепке алу журналы

Ескерту. Қағида 17-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 25.04.2017 № 288 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы "____" _____ басталды

20__ жылғы "____" _____ аяқталды

(журналдың ішкі жағы)

№ п/п	Аудиовизуаль ды қ, электрондық бақылау құралының сәйкестендіру нөмірі	Анықталған бұзылудың күні, уақыты және сипаты	Қабылданған шаралар	Бұзылуды қалпына келтірген күні және уақыты	Бұзылуды қалпына келтірген адамның тегі және қолы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Жазасын өтеуден шартты
түрде мерзімінен бұрын
босатылған адамдардың мінез
құлқын бақылауды жүзеге асыру
қағидасына 18-қосымша
Нысан

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты электрондық бақылау құралдарын алып тастау (алмастыру) туралы қаулы

Ескерту. Қағида 18-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 25.04.2017 № 288 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

Мен, _____

_____ (ПО атауы, бастықты алмастыратын адам)

_____ бастығы _____

_____ (тегі, аты-жөні)

"__" _____ 20__ жылғы _____

_____ (сот атауы)

жазалау мерзімінің өтелмеген бөлігіне _____

_____ (шарты түрде мерзімінен бұрын босау мерзімі)

шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған

_____ материалдарын қарап,

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

Анықтадым:

(электрондық бақылау құралдарын қолдануды алып тастау (ауыстыру) қажеттілігін

дәлелдейтін себептер мен шарттар көрсетіледі)

Баяндалғынның негізінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің

169-бабы 1-тармағын басшылыққа ала отырып,

Қаулы еттім:

Қадағалауға алынған адам _____
қатысты

(тегі, аты-жөні)

_____ электрондық байқау
құралдары

(электрондық бақылау құралдарының атауы)

алып тасталсын (ауыстырылсын).

(қажетсізін сызу керек)

Бастығы _____

(атағы) (қолы) (аты-жөні, тегі)

20__ жылғы " __ " _____

М.О.

Қаулымен таныстым: _____

(қолы) (қадағалауға алынған адамның аты-жөні, тегі)

20__ жылғы " __ " _____

Жазасын өтеуден шартты
түрде мерзімінен бұрын
босатылған адамдардың мінез
құлқын бақылауды жүзеге асыру
қағидасына 19-қосымша
Нысан

(ПО атауы)

Электрондық бақылау құралдарындағы бұзылуды анықтау туралы акті

Ескерту. Қағида 19-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 25.04.2017 № 288 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

Мен, _____

(ПО атауы, бастықты ауыстыратын адам)

_____ бастығы _____

(тегі, аты-жөні

Куәгерлердің:

1. _____

(тегі, аты-жөні, тұрғылықты жері)

2. _____

қатысуымен

(тегі, аты-жөні, тұрғылықты жері)

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғанға _____

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

_____ Бекітілген _____

(электрондық бақылау құралының атауы көрсетіледі)

_____ электрондық бақылау құралының ақауының себебін
қарап,

Анықтадым:

(электрондық бақылау құралы ақауының себебі көрсетіледі, ШМББ кінәсінің дәрежесі)

Баяндалғанның негізінде,

Қаулы еттім:

Электрондық бақылау құралдары шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған
адамның

кінәсіне (шартты түрде босатылған адамға тәуелсіз басқа себептер бойынша)
байланысты

жарамсыз болған, осыған байланысты,

(қажеттіні сызу)

(ШМББ кінәсі анықталған жағдайда, азаматтық тәртіпте ШМББ келтірген залалды

өтеу үшін материалдар жолданады, анық бұзылу болмаған кезде құрал сараптамаға жолданады).

(орган атауы)

Бастығы

(атағы) (қолы) (тегі, аты-жөні)

20__ жылғы " __ " _____

М.О.

Актімен таныстым: _____

(қолы) (ШМББ тегі, аты-жөні)

Куәгерлер: 1. _____

(тегі, аты-жөні)

2. _____

(тегі, аты-жөні)

20__ жылғы " __ " _____